

Мекен жайымыз:
Жаңаарқа ауданы,
Сәкен Сейфуллин, 28



Біздің электронды почтамыз:
olke.zhanaarka1943@mail.ru

Кітапхана сайты

www.Zhanlib.kz

Ақпараттық – Библиографиялық бөлім 5- 22 -76



Сәкен Сейфуллин әлемі



«Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ

Ақпараттық – библиографиялық бөлім

Сәкен Сейфуллин әлемі

Дала дауылпазы, атақты ақын, жазушы, драматург, қазақ
әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен
Сейфуллиннің туғанына 125 жылдығына арналған
библиографиялық құрал

УДК 809 (5 Қаз – 5)-5

**С 32 Сәкен Сейфуллин әлемі: дала дауылпазы, атақты
ақын, жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің қалаушылардың
бірі Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл [Мәтін]:
библиографиялық құрал / құраст.: С.Е.Бақышева. – Жаңаарқа:
«Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі» КММ**

**Жауапты: Ақпараттық – библиографиялық бөлім
менгерушісі: Оралбаева А.К.**

«Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ

Жаңаарқа кенті



Оқырманға

Ертедегі қазақ өмірі естір құлаққа ертегідей. Ұлы ұлысы мен ұлтының, қызы қызыр жұртының ар-ұятын сақтай алған. Ел аузындағы ертегілерде күн санап есейіп, ерте ер жетуі содан баланың. Алаштың алты жасар ұлы ат жалын тартып мінуі тегін емес. Маңындағы мұқым қазақ қамы үшін. Сондай сұңғыланың бірегейі – Сәкен Сейфуллин

Жәнібек Әлиман

Қазақтың атақты ақыны, жазушы, драматург, ҚазақКСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллиннің (1894-1938) туғанына 125 жыл толды.

Тарихта қалған тарландар өмірі біз үшін үлгі. Қазақтың қазыналы тілінің бір пұшпағын илеген талай ақын - жазушыларымыз сөз маржанының қандай болатынын қарға тамырлы қазаққа дәлелдеп айтып кетті. Өмір атты теңізде қолдарына қалам алып дүние сырына тоймай тамсана жазған талай дана адамдар болды. Өмірге жұлдыз болып келетін, халықтың еркесі, халық жүгін көтеретін дара адамдар, дарынды жандар аз - ақ. Бірақ қазақ әдебиеті поэзия әлемінде әлемдік деңгеймен салыстырғанда 20 - сыншы ғасырда кенже қалған емес. Керісінше өзінше жаңа қырымен дами бастады. Қандай марғасқа, жаны жайсаң адамдар өмір сүрді сол кезеңде. Әр адамның өз келбеті, өз жан - дүниесі болады.

Сәкен – қазақ кеңес әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен роль атқарған жаңашыл ақын. Өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды. Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде оның орны бөлек.

Жазушының өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында «Сәкен Сейфуллин әлемі» атты библиографиялық құралды назарларыңызға ұсынамыз. Библиографиялық құралда сіздер жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы ақпарат, кітаптарына шолу, әдебиеттердің библиографиялық тізімі ұсынылған.

Басылым С.Сейфуллин шығармашылығы қызықтыратын көпшілік қауымға, кітапханашыларға, ұстаздар мен студенттерге арналған.


ӨМІРБАЯНЫ

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (1894 – 1938) – ақиық акын, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Ақмола уезі, Нілді болысында дүниеге келген. Туған жері әкесінің қыстауы Ортаудағы Қарашілік (қазіргі Шет ауданының жері) деп аталып жүр. Ал туысқандары Ә.Ахыбеков, С.Бармұханбетовтердің айтуынша күз айларында, Иманақтауларына жақын жерлердегі Сейфолланың жайлауында (қазіргі Жаңаарқа ауданының жері), қыстауға көшпей тұрғанда туған. Сәкен 1905-1909 жж. Нілді кенішіндегі бастауыш мектепте, 1909-1911 жж. Ақмоладағы екі сыныпты приход мектебінде, 1913 ж. Омбыда құрылған қазақ жастарының «Бірлік» мәдени – ағарту ұйымының сол қанатын басқарады. 1917ж. мамыр айында Ақмолада Қазақ комитетін құруға қатысады. Әуелде орынбасары, кейін төрағасы болады. Осы комитетпен қатар «Жас қазақ» ұйымын құрып, оның «Тіршілік» газетінің жұмысын басқарады. 1917 ж. күзде Ақмолада ұйымдасқан Совдептің президиум мүшесі, Ақмола уезіндегі ағарту ісінің комиссары болып сайланады. 1918 ж.Колчак әскері Ақмоланы алып, қаңтар айында ішінде Сәкен бар Совдеп мүшелерін Қызылжарға (Петропавл) жаяу айдады. Одан атаман Анненковтың азап вагондарына мінгізіп, Омбыға, Новосибирьге, Барнаулға, Семейге апарып, сол жолмен қайта Омбыға алып келді. Сәкен Омбыдағы тұтқын лагерінен 1919 ж. наурыз айында қашып шығып, Алтай губерниясы арқылы Павлодарға, одан Баянауылға барып паналайды. Сол Жылы Күзге таман Есен бойындағы елге келіп, біраз аялдап, Бетпақ дала арқылы Кеңес үкіметі билеп тұрған Әулиеатаға (Тараз) жетеді. 1920 ж. мамыр айында Ақмолаға оралып, уездік атқару комитетінің төрағасының орынбасары және іс басқару бөлімінің менгерушісі қызметіне тағайындалады. 1920 ж. жазда бүкіл қазақ өлкесін басқаратын Ревкомның құрамына сайланады. Осы жылы 12 қазанда ҚазКСР Орталық атқару комитетінің президиум мүшесі болып сайланды. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, оқу халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады.

1922 -1924 жж. ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. 1925 -1928 жж. Қызылорда халық ағарту институтында, 1928 – 1929 жж. Тәшкен педагогикалық институтында, 1930-1937 жж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтында қазақ әдебиеті тарихынан сабақ береді. 1927 – 28 жж. «Жыл құсы» альманахы мен «Жаңа әдебиет» журналын шығаруға белсене қатысады. Ұзақ уақыт «Әдебиет майданы» журналының редакторы қызметін атқарды. 1934 ж. Қазақстан коммунистік журналистика институтының профессоры болды. Сәкен қазақ жазушыларының ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1937 жылы Сәкен Сейфуллин «халық жауы» деген айып тағылып ұсталып, 1938 ж. 23 ақпанда Алматы қаласында атылды. 1957 ж. 21 наурызда бұрынғы қылмыстық ісі тоқтатылып, толық ақталды.

ЖҮРЕКТЕ ҚАЛҒАН ҰЛЫ ЕСІМ

Кере қарыс кең маңдай,
қияқ мұртты,
сұлу мүсін таңдатқан
қалың жұртты,
қыран құстай қияға қанат
қаққан.



Шығармашылығы

С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау» (1934), «Қызыл ат» (1934), дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік» (1924), «Аққудың айрылуы» (1925) шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді. С.Сейфуллин проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында көрнекті еңбек етті.«Жұбату» (1917) әңгімесі – Сәкеннің қазақ әйеліне арналған алғашқы прозалық шығармасы. «Жемістер» (1935), «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» туындыларында замандастар өмірі бейнеленген. С.Сейфуллин қазақ халқының патшалық езгіге қарсы күресін «Тар жол, тайғақ, кешу» атты тарихи-мемуарлық романында көрсетеді Публицистика саласының дамуына қосқан еңбегі баға жетпес.

«Қазақтың ескі әдебиет нұсқаулары» (1931), «Батырлар» (1933), «Ақан сері-Ақтоқты», «Ләйлі-Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» (1932) кітабы – осы саладағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап, пайдаланған бұл зерттеуінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға, алғашқы кітаптарын бастыруға көп күш салды. 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігіне қатысты. Қазақ жазушылары ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, шығармашылық еңбегіне 20 жыл толды. Ғ.Мүсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, поэмалар, әдебиеттанушылық зерттеулер жа


"Сәкен Сейфуллиннің суреттері!" альбомнан фото қарау



Сәкендемалыста. Алатаубаурайы, 1937 жыл.



Сәкендемалыста. Алатаубаурайы, 1937 жыл.



Омск Сәкеноқығаноқу орыны 1913жыл мен 1916 жыл



С.Сейфуллин әріптестерімен. 1936 жыл.



Сәкен оқыған медресе 1992 жыл



1935 жыл. Басындасусарбөрік



С. Сейфуллин мен Қ. Өтекин. 1934 жыл.



Сәкен жас ақын-жазушылармен. ҚазАПУ, 1928-1929.

**Елге деген еңбегінді еске түсіріп
ескерткіштің тұр қарап**



Сәкен Сейфуллин атындағы кітапхананың
алаңындағы ескерткіш



**«Сәкен Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық
тарихи – өлкетану мұражайы»**

Мұражайдың құрылған жылы: Д. Ізтөлеуовтың бастамасымен және сол кісінің жеке еңбегімен 1960 жылдардан бастап аудан тарихынан жәдігерлер жинала бастады. Алайда мұражай 1984 жылы ресми ашылды

«Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы» залы



Өсу жылдары Сәкеннің шапаны Төңкеріс жылдары



Жаңаарқа ауданы Сәкен Сейфуллин мектебінің алаңындағы ескерткіш



Жаңаарқа ауданы Тәуелсіздік алаңындағы ескерткіш



Сәкен ел ішінде

Сәкеннің арғы тегі туыстары



С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады.

1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді. Мұражай жанында ақынның ескерткіші орналасқан.



АСТАНАДАҒЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН МҰРАЖАЙЫ

Ақмолада 1988 жылдың 20 ақпанында ашылған Сәкен Сейфуллин мұражайы атақты ақын, революционер, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, халыққа насихаттауды өзіне мақсат етті.



Мұражай XIX ғ. II-ші жартысы мен XX ғ. басында салынған ғимаратта орналасқан. Екі ағаш үйдің біреуі бұрын көпес Казанцевтің әкімшілік үйі болған. Сәкен осы үйге жұмыс бабымен келіп жүрген. Екінші үй - Мұражайдың әкімшілік үйі – бұрын Сәкеннің досы, дәрігер Благовещенскийдің үйі.



Сәкен Сейфуллиннің жұмыс кабинеті.


**“СЫР САНДЫҚТЫ АШЫП ҚАРА, АШЫП
ҚАРА, СЫРЛАСЫН СЫН ПЕРНЕНІ БАСЫП
ҚАРА, БАСЫП ҚАРА ЖЫРЛАСЫН”.**



**Сәкен Сейфуллиннің көзі тірісінде жарық
көрген шығармалары**


Сәкен Сейфуллин әлеміне саяхат






84 Қаз-7-5
С-32 Сейфуллин Сәкен

Тау ішінде. – Алматы: «Олжас кітапханасы»
Баспа үй, 2012. – 176 б.




83.3 Қаз 7
С 25 Сәкен туған Жаңаарқа.Өлеңдер жинағы.
Алматы: «ҚазАқпарат», 2019. – 192 б.




84 Қаз 7-44
С 32Сейфуллин Сәкен.

Бес томдық шығармалар жинағы/ҚазССР
Ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер ин-ты. – Алматы:Жазушы,1986.-Т.5.Мақала,
публицистика /Жауапты шығарушы Ә.Нарымбетов.-
1988. 304., суретті, портр.



85.31 С.Сейфуллиннің музыкалық мұрасы
О 78 Бұл жинақ Сәкен Сейфуллиннің туғанына
120 жыл толуына арналды.
Жинақтап, ғылыми тұжырымдамасын жасап,
баспаға әзірленген.

Серік Оспанов, Назгул Сапиянова «Сәкен
(Сәдуақас) Сейфуллиннің музыкалық мұрасы»
(Толықтырылып қайта басылу) 2014ж. – 362
бет, Астана.



84 (5 Қаз)-5
С 89Сұңқар Сәкен. Өлеңдер, толғаулар,
поэмалар / Құраст.Ауыт Мұқибек. —Астана:
Фолиант, 2014. – 320 б.



84 Қаз 7-5
С32Сейфуллин Сәкен. Домбыра

Өлеңдер мен дастандар. Алматы.
Қазақпарат.,2005. – 127 бет.

Бұл кітапқа ақын әр жылдары алуан
тақырыпқа жазған таңдаулы өлеңдері мен
лирикалық туындылары және «Көкшетау», «Аққудың айырылуы»
атты тамаша дастандары енген.



84 Қаз 7-5

С 32 Сейфуллин С.

Аққудың айырылуы. Өлеңдер мен поэма, әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003.-224 бет.

Кітапқа аса көрнекті жазушы Сәкен Сейфуллиннің көпшілік оқырманға ежелден белгілі өлеңдері мен «Көкшетау» поэмасы, «Қыр балалары», «Бандынықуған Хамит», «Омар» атты әңгімелері, «Жер қазғандар» повесі енгізілді. Қазақ елінің бақытты болашағына қалтықсыз сенген күрескер-суреткердің туындыларынан туған жерге деген шексіз махаббат, бір үмітшарпыған замана туралы толғаныс аңғарылып жатады.



84 Қаз 7-44

С32 Сейфуллин С.

Тар жол, тайғақ кешу: Роман-эссе.-Алматы: «Жазушы» 2009. – 432 бет. – Қазақстанның 100 романы» сериясы.

Дәуір ұранына сәйкес қазақ топырағында тарихи-революциялық тақырыпқа барған тұңғыш роман-эссе-«Тар жол, тайғақ кешу». Шығармада 1916-1919 жылдардың оқиғалары қамтылған.



84 (2 Қаз)

К 24 Кәкішұлы Т.

Сәкен аялаған арулар. Эссе мен толғамдар.-Алматы: Атамұра, 2003. – 312 бет.


Сәкен жөнінде жарты ғасырдың бірі талмай ізденіп. Он шақты кітап шығарған профессор Тұрсынбек Кәкішұлының 1997 жылы жарық көрген «Сәкен сүйген сұлулар» атты эссе-кітабы бұл топтамада ақынның пенделік сипатын, азаматтық келбетін кеңінен ашатын мазмұны терең толғамдармен толықтырылды. Кітаптың оқырман қауымға берер ғибыраты аса мол.

84 (574)-7-44

С95 Сырсандық. Бірінші кітап: естеліктер, мақалалар, эсселер.-Астана: Фолиант, 2015.-520 б.



Қазақтың әйгілі ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфулин туралы «Сырсандық» Сериясымен шығатын кітаптың алғашқысына М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин бастаған замандастарының естеліктері мен кейінгі ұрпақтың ақын жөнінде жазылған мақалалары, сыр – сұхбаттары енгізілген.



83,3 Қаз я 2

С 28 Сәкен Сейфуллин. Энциклопедия – Алматы: «Темірқазық» баспасы. 2010. 640 бет.

Энциклопедия қазақтың классигі ақын, ірі қоғам қайраткері, жалынды жазушы, дарынды драматург Садуақас (Сәкен) Сейфоллаұлы Сейфуллиннің (1864-1938) өмірі мен шығармашылығына, қоғамдық істеріне арналған. Ақын өскен ортасы, ұланғайыр көркем мол мұрасы, дүниетанымы, өзіндік ұстанымы мен қалдырған өнер туындыларының эстетикалық салмағы, поэтикалық әлемі, қоғамдық-саяси ой-пікірлері, тарихи тұлға тағылымының үлгі-өнегесі жан-жақты сөз болды.



Көкшетау СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы. Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын. Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп, Жүреді біліп кетіп есен-сауын. Сексен көл Көкшетаудың саясында, Әрқайсы алтын кесе аясында. Ауасы дертке дауа, жұпар иісті Көкірек канша жұтса, тоясың ба?

СӘКЕН АТЫ СӘКЕН ЖЫРЫ ЖҮРЕКТЕ




Ақкудынайрылуы СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Бұл поэма ғашықтардың жүректерін тербетіп мөлдір махаббатты жыр етеді



Омар
Сәкен Сейфуллин

Омар деген қазақтың қу жігіті туралы қысқа әңгіме



Лашын әңгімесі
Сәкен Сейфуллин

Ақсақ киік **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН**

Киікті қазақ киелі жануар деп есептейді. Ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Киіктің қаншалықты киелі екендігін кім білсін, бірақ өте ақылды және қандай табиғи ортада болмасын, тез бейімделіп кететін жануар екендігі анық. Осы шығармада Сәкен Сейфуллин аңшылардың қатыгездігін бейнелейді. Қазақтың кең даласында киік саны азайып бара жатқанына жүрегі аурып көнілін Жырлайды



Екі кездесу

Сәкен Сейфуллин

Қамбар Батыр **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН**

Қамбар Батыр – қазақ халқының қаһармандық жыры. «Қамбар батыр» жырының басты тақырыбы – жер мен ел намысын қорғау.

Біздің жақта

Сәкен Сейфуллин

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар
Ағашты биік таулы жерлері бар
Өзен,су,көлі жайлап таусылмайтын
Меймандос,берекелі елдері бар...

Жеріне біздің жақтың лайық ері
Ер палуан,аңшы,мерген,әнші,сері
Жасынан жүйрік ұстап өскен бұлан
Жау жүрек ер көңілді жігіттері...

Қыздары біздің жақтың қара қасты
Тісіне ұқсатасың меруерт тасты
Сымбатты,көркем бойлы тал шыбықтай
Мамық төс,сұңғақ бойлы,сүмбіл шашты

* * * * *

Сәкен Сейфуллин. Ақсақ киік

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақшөл, ойлы-қырлыпанасы бар.
Солжерде ел жоқ, көлжоқөсіп-өнген,
Жәндіктің киік деген баласы бар.

Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен.

Киікті атып аңшы өлтіргенде,
Жазықсыз жан өлді деп ойлай ма екен.

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Басқаға жануарды-ау теңгермедім.

Көздері мөлдір қара ақ бөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.

Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мың-мыңдап баяғыда жүреді екен.

Бұл күнде келе жатқан жолаушыға,
Кездесіп анда-санда саяқ некен

Кей қазақ кәсіп қылып киікт іатқан.
Мүйізін пайда қылып-ау шетке сатқан.
Сандалған бір киікті ұшыраттым,
Біржылы – ау Бетпақ шөлде кележатқан.
Бетпақта кележатыр ақсақ киік,
Біржүріп, бірдетоқтап, басыниіп.
Қоярға шыбын жанын жертаппайды,
Мергеннің кеудесінде болып күйік.
Тамады қара жерге аққан қаны,
Қиналып ендігеді шыбын жаны.
Боялып ақ денесі қызыл қанға,
Келеді әлі бітіп, жығылады.
Сандалып келе жатыр ақсақ киік,
Бір тоқтап, бірде жүріп әлін жиып.
Ақбөкен сахараның бота көзі,
Атты екен қандай адам көзі қиып.
Ақбөкен сахарада қына терген,



Сәкен ағамыздың соңғы өлеңі

– Сәлем де Көкшетаудың биігіне,
Бауырында ойнақ салған киігіне.
Ұсталып, «халық жауы» боп кетіп барам,
Қайтып кеп оралам ба үйіріме.
Халқыма оқ атқам жоқ, атпаймын да,
Халқымды сатқаным жоқ, сатпаймын да.
Қамалып, «халықжауы» боп кетіп барам,
Білемін, бұлсапардан қайтпаймын да.
Жауым деп халқым мені ойламасын,
Сәкенін кейінг іұрпақ есіне алсын.
Арманым сағым болып ұстатпады,
Шіркін-ай, мұны қайтіп ұмытарсың?.

**БҮГІНГІ КҮН ОСЫНДАЙ ҰЛЫ
АҒАЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ АРҚЫЛЫ
КЕЛГЕНІ ШЫНДЫҚ. ОҒАН
ДАУЫМЫЗ ДА ЖОҚ!
АЛАШТЫҢ АРДА
АЗАМАТТАРЫН
ҰМЫТПАҒАЙСЫҢ, ҚАЗАҚ
БАЛАСЫ!**

*** ** * * * * * * * * * * * * * * *

**Сәкен Сейфуллин туралы ақын, жазушылар,
ғалымдар сөздері.**

Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаралған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден – бір қалаушы, көшбасшы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тархқа зорлық жүрмейді.

Ғабит Мүсірепов

Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшыда емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның біріншісі - жалдағы жоқ шыншылдық, екіншісі – ақындық тәкапарлығы.

Мұхтар Әуезов

Есіме түскен сайын орта бойлы, толқынды қара шашты, өткір бойлы көзді, сымбатты, көрікті, түсі ақ пен қараның аралығындағы қоңырқай кісі көз алдыма келеді

Қадала қарағанда сыртыңды түгіл, ішінді көріп тұрғандай. Ал, оған қадалған көздер, әсіресе, әйел көздері оңай айырыла алмайтын. Сырты өте сұлу, кербез, кербез, тәкаппар, іші өте қарапайым, кішіпейіл еді.

Ғабиден Мұстафин

С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына арналған кітапханадағы кітап көрмелерінің аттары

- 1.Сұңқар үні зердесінде халықтың, Сәкен аға төрінде тұр тарихтың
- 2.Сәкен мұрасы асыл қазына
- 3.Текті ел тағзым етер тұлғасына

Мақалалар тізімі

Сәкен Сейфуллинге арналған газет мақалаларынан сипаттама

Әлиман, Ж.Алаш аза тұтқан күн [Мәтін]: Тағзым// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2016.- 2 маусым №88. - 2 б.

Бекімов, Т.Сәкен елге келгенде [Мәтін]: Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл// Азия Транзит.- 2004 ж.- ақпан №2 - 8 б.

Дәрібайұлы, Х. Сәкеннің сүйегі Магаданда жатыр деген рас па? [Текст]: Ақтаңдақтар// Астана хабары.- 2006.- 17 маусым.-8б

Кәкен, А.Ақынжүргенжолдармен [Мәтін]// Орталық Қазақстан.- Қарағанды 2014.- 12 тамыз №151 - 3 б.

Майлина, Р.Естенкетпесбейнелер. [Мәтін]: Сәкен Сейфуллин туралы.// Жаңаарқа.- Атасу,2004ж.- 2 қазан

Ақсұңқарұлы, С.Сәкен отыр Ахандардың қасында [Мәтін]: Бір суреттен өрбіген ой// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2009.- 28 ақпан №30 - 31. - 8 б.

Аяған, Б.Қазақ әдебиеті [Мәтін]// Ана тілі.- 2013.- 28 қараша - 4 желтоқсан №47. - 6 б.

Әбілдин, Ш.Біз Сәкен Сейфуллиннің сүйегін магаданнан қалай іздедік [Мәтін] / Иван Николаевич Мудров// Жас алаш.- 2012.- 14 қазан№81. - 3 б.

Әлиман, Ж. Суреттегісұлубейне [Мәтін]: Сәкен Сейфуллинніңтуғанына - 120 жыл// ОрталықҚазақстан.- Қарағанды, 2014.- 28 маусым№120 - 121. - 10 б.

Бекімов, Т. Сәкенелгекелгенде [Мәтін]: Сәкен Сейфуллинніңтуғанына 110 жыл// Азия Транзит.- 2004 ж.- ақпан№2 - 8 б.

Жұмабеков, К.Сәкенжаққаналау [Мәтін]: Ұлт. Рух. Тарих// ОрталықҚазақстан.- Қарағанды, 2013.- 26 қазан №183 - 184. - 7 б.

Қасымова, С.Ардақтыға Аманаты [Мәтін]: Сәкен Сейфуллинніңтуғанына - 120 жыл// ОрталықҚазақстан.- Қарағанды, 2014.- 18 қазан (№203). - 4 б.

Құлшар, Қ.Магадандамұзқатса да [Мәтін]// Жас алаш.- 2012.- 13 қараша№90. - 3 б.

Майбас, Т.АлашыАрысынұлықтады [Мәтін]// Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2004.- 12 қазан№200. - 1 б

Алаштың сарбаз Сәкені:[Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] //Жаңаарқа. – Атасу,2019 – 23 ақпан №11. – 1 б.

Жұмасейітұлы, Д. Алты алаш ардақтаған ақын Сәкен //Жаңаарқа. – Атасу,2013. – 16 қазан

Әлиман Ж. Арқаның Ор, Абасында орадалы той: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 120 жыл] //Орталық Қазақстан. – Қарағанды,2014. – 25 қыркүйек №183 – 184. – 5 б.

Шәкімұлы, Ф.

«Асығып тез аттанған» // Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2016. – 15 қазан №170. – 1 – 6 б.

Бар қазына мұражайда:[Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] //Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 23 ақпан №11. – 5 б.

Рахымбаева, И.Дәстүрлі әншілер байқауы өтті: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 125 жыл] // Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2019. – 25 сәуір №44. – 8 б.

Қасым, М.Ел мақтанышы – сырбаз Сәкен: [С.Сейфуллиннің туғанына – 120 жыл] //Жаңаарқа. – Атасу,2014. – 8 ақпан №6. – 2 б.

Майлина, Б.Естен кетпес бейнелер:[Сәкен Сейфуллин туралы] //Жаңаарқа. – Атасу,2004. – 2 қазан №40

Арынұлы, С.Ықыласты қазаққа алғаш танытқан Сәкен еді //Айқын. – 2014. – 6 тамыз №138. – 6 б.

Шайдаров, С.Іңкәр еткен бар жанды аққу ақын:[Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 110 жыл] // Жаңаарқа. - Атасу, 2004. – 2 қазан №40.- 1 б.

Жаңаарқа ауданының 90 жылдығы мен Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған Эмблеманың сипаттамасы//Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 6 сәуір №17. – 5 б.

Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан//Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 23 ақпан

Смайлова, Ж.Қайда екен Асыл ердің жатқан жері.//Жаңаарқа. – Атасу,2013. – 21 қаңтар №6. – 2 б.

Кәріпұлы, Ө.Қарашіліктегі той:[С.Сейфуллиннің туғанына 110 жыл] //Орталық Қазақстан. – Қарағанды, 2004. – 9 қазан №198 – 199. – 10 б.

Қасым, М.Күміс көмей, жезтаңдай //Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 13 сәуір №18. – 4 б.

Нұржанов, Ф.Мен кеткен соң, жарық алып іздерсің //Орталық Қазақстан. – Қарағанды, 2015. – 20 маусым №101-102.- 8 б.

Хусаинова, М.Мен Сәкеннің әкесі – Сейфулламын //Жас Алаш. – 2014. – 7 тамыз №61. – 3 б.

Жұмасейітова, Г.Мерекелік кездесулер мерейтойға арналуда //Жаңаарқа .- Атасу,2016. – 12 қараша №53-54. – 4 б.

Ысқақова, Б. Сәкен ел-жайнаған Жаңаарқа //Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 27 сәуір №20 -21. – 3 б.

Құмарханова, Г. Сәкен жайлы сыр бөлісті: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 120 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2014. – 19 желтоқсан №56-57. – 11 б.

Қанат, Г. Сәкен және ұлт руханияты //Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2004. - 27 мамыр

Ерсайынқызы, М. Сәкен жүрген жерлермен: [Сәкен Сейфуллин 120 жаста] // Жаңаарқа. - Атасу, 2014. - 31 мамыр. – №25. – 6 б

Сейдімбек, А. Социалистік мәдениет және Сәкен мұрасы: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл] // Орталық Қазақстан. - Қарағанды, 2004. – 5 қазан

Жайлыбай, Ғ. Сәкен – рух //Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 23 ақпан. – №11. – 4 б.

Ыбраева, Г. Сәкен Сейфуллин және қазақ тілі //Қазақ. – 2014. – 7-14 қараша №45-46. 6 б.

Бекімо, Т. Сәкен елге келгенде: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл] //Азия Транзит. – 2014. – ақпан №12.-8 б.

Асан, М. Сарыарқаның қоңыр белі шақырады кел, Сәкен! [Сәкен Сейфуллин-120 жыл] //Орталық Қазақстан. – Қарағанды,2014. – 25 қараша №228. – 3 б.

Әлкентегі, Д. Сұңқар үні зердесінде халықтың, Сәкен аға төрінде тұр тарихтың:[Сәкен Сейфуллиннің туғанына-110 жыл] //Сарыарқа

Кәкішев, Т. Сәкен мен Гүлбаһрамның отасуы //Сарыарқа. – 1994.- 27 қыркүйек

Сейфуллина, Ы. Сәкенді туған аға дейтін едім //Халық сөзі. – 2012.-4 желтоқсан №96.-12 б.

Махажанова, Ә. Сәкен мұражайына саяхат // Орталық Қазақстан. – Қарағанды, 2013. – 18 шілде №120-121. – 10 б.

Ботпайұлы, С. Сәкеннің соңғы бір сәті Шерлі шежіре // Жаңаарқа. – Атасу, 1997 . – 6 (№31) 1 б.

Сырбас Сәкеннің туғанына – 120 жыл// Жаңаарқа. – Атасу, 2014. – 10 қыркүйек №41. – 2 б.

Жақыпова К. Сырбас Сәкен: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 120 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2014. – 10 қазан №44. – 3 б.

Ісләмұлы, І. Сұңқар Сәкеннің әкесі – Сейфулла Оспанұлы: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу,2019. – 23 ақпан №11. – 2 б.

Қашқынбайұлы, Ж. Табиғат жаршысы: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 110 жыл] // Орталық Қазақстан. – Қарағанды, 2004. – 28 қазан №210. – 8 б.

Тайтөлеуов, М. Тарихымыздан адаспайық: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 23 ақпан №11. – 3 б.

Алдажан, А. Сөзіз қырлы, бір сырлы – Сәкен: [Сейфуллин: Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 13 сәуір №18. – 6 б.

Шубаев, Е. Сәкен – ақын, композитор: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 23 ақпан №11. – 3 б.

Сәкен – елдің сәні, жүректің әні: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 23 ақпан. – №11. – 4 б.

Балтабайқызы С. Сәкен сәні қазақтың: [Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл] // Жаңаарқа. – Атасу, 2019. – 23 ақпан №11. – 8 б.

Сәкеннің «сыр сандығы» // Астана ақшам. – 2018. – 16 қазан №123. – 8 б.

Мазмұны

Оқырманға
Өмірбаяны
Шығармашылығы
"Сәкен Сейфуллиннің суреттері!" альбомнан фото қарау
Елге деген еңбегінді еске түсіріп ескерткішің тұр қарап
«Сәкен Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық тарихи – өлкетану мұражайы»
«Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы» залы
“Сыр сандықты ашып қара, Ашып қара, сырласын Сын пернені басып қара, басып қара жырласын”.
Сәкен Сейфуллин әлеміне саяхат
Сәкен аты Сәкен жыры жүректе. С.Сейфуллин өлеңдері
С.Сейфуллин туралы ақын, жазушылар, ғалымдар сөздері
Жүректе қалған ұлы есім
С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмелерінің аты
Мақалалар тізімі